



Автор: ИСПОЛОВА ЖАНАР МАНАРБЕККЫЗЫ
Пән: Сауат ашу
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Менің отбасым және достарым
Тақырып: Менің отбасым. Ұу дыбысы мен әрпі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру
Сабақтың мақсаты:	1. Барлық оқушылар: Ұ дыбысына байланысты сөздерді оқиды. 2. Оқушылардың басым бөлігі: Сурет бойынша сөйлемдер құрайды, мәтінді оқи алады. 3. Кейбір оқушылар: Отбасы мүшелерін сипаттайды, мәтінді талдайды.
Тілдік мақсаттар:	2.9. Дыбыс пен әріпті тану және ажырату. 1.4. Оқиғаны болжау. 2.1. Оқу түрлерін қолдану 3.8. Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.
Күтілетін нәтиже:	Ұ дыбысы мен әрпін тану, ажырату және оны атайды, анықтайды Ой ұшқырлығын иллюстрация бойынша түсіндіреді. Сөздердің мағынасын ажыратады, хормен, тізбектей, жекелей оқиды.
Бағалау критерийлері:	1. Ұ дыбысы мен әрпін тану, ажырату және оны атайды, анықтайды. 2. Ой ұшқырлығын иллюстрация бойынша түсіндіреді. 3. Сөздердің мағынасын ажыратады, хормен, тізбектей, жекелей оқиды. 4. Сызба және сөздермен мәтін құрастырады. 5. Бас әріптер мен кіші әріптерді бір – бірімен дұрыс байланыстырады және оларды гигиеналық талаптарға сай жазады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба , таныстырылым, видеоролик
Пәнаралық байланыс:	дүниетану
Бастапқы білім:	Менің отбасым. Ққ дыбысы мен әрпі. Тірек сөздерден мәтін құрастыру. (қар, қыс, қарға, қырау, аққала, құлақшын, қолғап)
Менің отбасым. Ұ у дыбысы мен әрпі	Ұ дыбысы мен әрпін тану, ажырату және оны атайды, анықтайды

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (10 минут)	Психологиялық ахуал Оқушылар бір – бірімен амандасып, сәттілік тілейді. • Амансың ба Алтын күн! • Амансың ба Көк аспан" • Амансың ба Достарым! • Амансың ба Ұстазым! • Жамандықты тастайық • Сабағымызды бастайық Сауат ашу сабағында нені үйренеміз? Әріп дегеніміз не? Дыбыстар нешеге бөлінеді? Дыбыстар қандай – қандай болып бөлінеді? Дыбысты біз не істейміз? Әріпті біз не істейміз? Өткен материалды қайталау. Кубик лақтыру арқылы. Кубикті лақтырып қандай әріп түседі сол әріптен басталатын сөз айтып, буынға бөледі сол сөзді. Кейіннен сөйлем құрайды.	Шаттық шеңбері
-------------------------------------	---	-----------------------

Сабақтың ортасы (25 минут)	Суретпен жұмыс. Ұу дыбысына байланысты суреттерді оқушыларға беріп, қандай әріптен басталып тұрғанын сұрау. Сол арқылы жаңа тақырыпты ашып алу. Ұ дыбысын бәріміз бірге айтайықшы! * Ұ-ұ-ұ * Ұ дыбысы қалай айтылады? * Иә, әндетіліп, созылып айтылады, екен. * Ұ дыбысы қандай дыбыс? * Иә, дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз? Ұ дыбысы сөздің басында және ортасында кездеседі. * Ендеше, балалар бүгін Ұ дыбысын әдемі білгендей айтып үйренеміз Ұ	Таныстырылым, оқулықпен жұмыс
	дыбысынан басталатын сөздер айту  Оқулықпен жұмыс. 1 – сурет. Ұлу сөзіне дыбыстық талдау жасату. Сөзді буынға бөлдіру. Бұл не? Ұлу сөзінде неше дыбыс бар? Қанша дауысты, қанша дауыссыз дыбыс? Ұ дыбысы сөздің қай жерінде кездесіп тұр? 2 – сурет. Мына суреттен кімді көріп тұрсыңдар? Ол не істеп тұр? Мұғалім , ұстаз. Екі сөзде де ұ дыбысы кездесіп тұр. Ол оқушыларды ұ дыбысымен таныстырып тұр. Сөздерді буынға бөлдіріп, ұ дыбысының қай буында келіп тұрғанын анықтау. 1.Ұ дыбысы мен әрпін тану, ажырату және оны атайды, анықтайды. Дескриптор: 1. Неше дыбыс бар екенін біледі 2. Дауысты дауыссыз дыбыстарды ажыратады, анықтайды 3. Ұ дыбысы бар сөздерді атайды. 4. Ұдыбысының орналасу ретін біледі Кері байланыс Ыстық картоп «Сәйкестендіру» әдісі 1 – тапсырма. Сергіту сәті. Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа Допты алып,қолыма Қойдым оның жолына Оң жағына қарады, Сол жағына қарады Тау екен деп ойлады Тақтамен жұмыс Дауысты дауыссыз дыбыстарды үйшіктерге орналастырады. 5e2f16b2de7d8. Дәптермен жұмыс. Бас әріптер мен кіші әріптерді бір – бірімен дұрыс байланыстырады және оларды гигиеналық талаптарға сай жазады. 1. Каллиграфиялық нормаларды сақтау 2.Сауатты жазу Кері байланыс :	
Сабақтың соңы (3 минут)	Сабақты қорыту. - Сонымен қандай жаңа дыбыспен таныстық? -Ұ дыбысы қандай дыбыс? -Неге дауысты дыбыс? - Ұ дыбысы сөздің қай жерлерінде кездеседі? - Ұ дыбысы бар сөздерге мысал келтіру.	Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма ? (тапсырмалар сәйкес болды ма?)

Рефлексия (2 минут)	5e2f1766ab158. Кері байланыс: Мадақтау: сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды әртүрлі смайликтермен мадақтау.	топтағы әрбір оқушыны бағалау
--------------------------------	--	--------------------------------------